

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ  
Ақтөбе облысының филиалы

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА  
Ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру және ұйымдастыру

Орындаған: Боранбай Серік Алдоңғарұлы  
Жаңақоныс ауылдық округінің әкімі

Ақтөбе, 2024

# **Кілт сөздер: кооператив, ауыл шаруашылығы, техника, несие**

## **Кіріспе**

Ауылшаруашылық өндірістік кооператив ауылшаруашылық артель және басқа да қоғамдық ұйымдардың, байланысты осындай секторлар кәсіпкерлік қызметтің анағұрлым танымал. Осы дерек бар қарапайым түсініктеме: мұндай құрылымдар мүмкіндік береді күш-жігерін біріктіру, бірнеше жеке немесе заңды тұлғалардың жеңілдетеді түрлі мақсаттарға қол жеткізу аясындағы кәсіпкерлік саласы. Сонымен қатар, мұндай формат бірлестігінің мүмкіндік беретін табысты масштабтау қызметі және шығу жаңа деңгейі өнімділігі. Ауылшаруашылық кооперативтерін құру арқылы мынадай артықшылықтарға қол жеткізуге болады. Атап айтсақ:

## **Біріншіден:**

Ауылдық елді мекендерде жұмыссыздық деңгейін азайту. Яғни, ауылшаруашылық кооперативтеріне жұмыссыз ауыл тұрғындарын мүшелікке алып тұрақты жұмысқа орналастыру.

## **Екіншіден:**

Ауылшаруашылық техникаларын жаңарту, Қазіргі нарық заманында жоғары табысқа жету үшін, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге заманауи жаңа техникалар қажеттілігі туындайды. Жаңа ауылшаруашылық құрылғылары мен техникаларына ауылшаруашылық кооперативі арқылы алу жеңілдетілген несие арқылы қол жеткізуге болады. Кооперативке субсидия мен көп мөлшерде несие алуға мүмкіндігі мол.

## **Үшіншіден:**

Ауылшаруашылық кооперативтері құрылған жағдайда кәсіпкерлік нысандар салуға мүмкіншілік ашылады. Төрт түлік малдарға арнайы мал бордақылау алаңдары, мал сою пункттерін салу. Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру бойынша сүт фермасын ашу.

**Негізгі бөлім** (ситуацияны түбегейлі талдау немесе ағымдағы жағдай, қолданылатын зерттеу әдістері)

## **Кооператив құру туралы түсініктің болуы**

Елімізде кооперативтік модельдің тұрақты дамуы үшін тауар өндірушілер арасындағы ынтымақтастықты тереңдету керек. Ал ол үшін қолайлы бизнес-орта құрып, қолданыстағы мемлекеттік қолдау тетіктерін қайта бағдарлау қажет. Сонымен бірге, білім беру және ақпараттық бағдарламаларды әзірлеу арқылы халықтың, әсіресе, ауыл халқының білім деңгейін көтеру маңызды.

Қазақстандағы шағын ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер көптеген қиындыққа тап болады. Оларға өнімді жинау мен тасымалдаудың өзі күрделі жұмыс. Азық-түлік қауіпсіздігінің тәуекелдері де жоғары, өнім сапасы да біркелкі емес.

Осыған байланысты ауылшаруашылық кооперативтері шағын фермерлерге өнімділікті арттыруға, қаражатты үнемдеуге, басқа жеткізу тізбегінің қатысушыларымен келіссөздер жүргізуге көмектесе алады. Сондай-ақ білім мен технологияларға қол жеткізуге ықпал етеді.

Кооператив өнімді өндіруді, сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді бірлесіп ұйымдастыру, негізгі өндіріс құралдарымен қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді біріктіреді. Сол арқылы тауарларды өндірудегі шығындарды азайтуға және оларды тұтынушыларға жеткізуге әсер ете алады. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы теңгерімді дамиды. Сонымен қатар, мұндай кооперативтерді құру ұжымдық кепілдіктер беру мүмкіндігімен және жеке ауылшаруашылық тауар өндірушілерімен салыстырғанда олардың дефолтқа ұшырау қаупінің төмендігімен байланысты қаржы институттарының несиелік қызметінің тартымдылығын арттырады»

Фермерлермен сұхбаттасқанда барлығының айтатыны- жаңа тракторлар мен комбайндар алғысы келетінін естиміз. Сондықтан оларға жеңілдетілген шарттармен ауылшаруашылық техникалары, құрылғылары мен т.б қажеттіліктерін беру қажет.

Қазіргі таңда 2024 жылдан бастап Ауыл шаруашылық министрлігі отандық фермерлер Шетелдік ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алған жағдайда берілетін субсидия көлемін тоқтатты. Ал Қазақстанда жасалған ауыл шаруашылық техникаларына 30 пайыз субсидия төлейді. Бұл өз кезегінде шаруашылықтарға теріс әсерін беруде.

## **Халықаралық тәжірибе**

Еуропада тұтыну, өндірістік және ауылшаруашылық кооперативтерінің құрылуы жаппай қарарды қабылдады. Осы уақытқа қарай кооперативтік қозғалыстың әлеуметтік базасы қалыптасты, қауымдастықтар құру құқығы пайда болды, несие алу жеңілдеді, алғашқы кооперативтік заң актілері қабылданды. Өмір мен еңбектің ауыр жағдайлары жұмыскерлерді кооперативтерге біріктіруге мәжбүр етті. Бастапқыда кооперативтер пайшылардың қаражатына құрылды. Еңбекшілердің өмір сүру жағдайының нашарлауына тікелей реакциясы бола отырып, өзінің тәуелсіздігі үшін күресе отырып, кооперативтер ұйымдасқан тұтынушыларды әр түрлі сатып алушылар мен қайта сатып алушылардан қорғауға тұрды. Кооперативтердің пайда болуы мен дамуы процесінде идеологиялық фактор да маңызды рөл атқарды. Кооперативтік идеологтар кооперативтік қозғалыстың ұйымдық-құқықтық негіздерін құрды, биліктің барлық деңгейлерінде кооперативтердің мүдделерін қорғады. Барлық елдердегі кооперацияның әлеуметтік-экономикалық біртектілігі Роберт Оуэн Дүниежүзілік кооперативтік Альянсты құру идеясын ұсынды, бірақ оның кооперативтік қозғалысқа ұйымдасқан сипат беруге талпынысы табысты бола алмады. Әр түрлі елдердегі кооперативтік қоғамдар мен одақтардың қатысушылары XIX ғасырдың бірінші жартысында болды. өз бастамасы бойынша өзара достық байланыстар мен іскерлік байланыстар орната бастады, бір-бірінен іскерлік тәжірибені зерделеп, қабылдай бастады. Өз елдерінің шекарасынан шыққан және әлемдік аренада жүзеге асырылатын кооперативтік қозғалыс халықаралық сипатты қабылдай бастады. Сол уақытта оны сипаттайтын негізгі ұғым – бұл ынтымақтастық. Ол кооперация идеясының өзінде, оның анықтаушы белгісі болып табылады. Қалыптасқан халықаралық кооперативтік қозғалыс өзара тиімді байланыстар, ынтымақтастық, ұлттық кооперативтік ұйымдардың ынтымақтастығы нысаны болып табылады. Англияның, Францияның, Германияның, Италияның кооператорлары XIX ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап өздерінің ұлттық съездерінде халықаралық кооперативтік ұйым құруды ұсынды. Кооператорлар олардың байланыстары – нарықтың кеңеюімен, еңбек пен тауарлық өндірістің қоғамдық бөлінуін тереңдетумен тез дамып келе жатқан жалпыға ортақ, әмбебап байланыстардың маңызды бөлігі екенін жақсы түсінді. Жақындастыру Еуро-пы елдерінің кооперативтік қоғамдарының біртекті әлеуметтік құрамын жылдамдатып отыр: мүшелердің 70-тен 90% – ға дейін еңбекшілер-жұмысшылар, шаруалар, бұта, қолөнершілер, балықшылар өкілдері құрады. Әсіресе, қызметкерлер мен шенеуніктер,

зейнеткерлер, мүгедектер, мал шаруашылығы, студенттер мен оқушылар болды.

## **Қорытынды**

Ауыл шаруашылығы техникасының паркін жаңарту және кеңейту мақсатында лизинг құралын және лизинг төлемдерін субсидиялау тетігін пайдалана отырып мемлекеттік қолдауды жалғастыру қажет. Егін, мал, су шаруашылықтарының барлығындағы механизацияға өнімділік те, табыс та тікелей байланысты. Сонымен қатар, ауылдық округте жұмыссыз тұрғындар санын азайту. Округке қарасты шағын жеке кәсіпкерлік пен шаруа қожалықтарын біріктіріп жұмыс күшін ұлғайту. Салық түсімін ұлайту және жаңа нысандар ашу. Тұрғындарға таза сапалы өнім ұсыну және азық-түлік бағасын тұрақтандыру. Округте мал басы санын көбейту және ауылшаруашылық жерлерін тиімді игеру.

**Артықшылықтары:** Ауыл шаруашылығы құрылымдарынан үкімет тарапына ауыл шаруашылығы кооперативтерін құра отырып, жалпы экономикалық көрсеткіштерді жақсарту.

## **Ұсынылатын шешімдер / нұсқаулар**

Кооперативтік шаруашылықты құрудың негізгі шарты – оны ұйымдастыру үшін біріктірілген кәсіпорындардың және шаруашылықтардың мүдделерін сақтау. Қызметтің мақсаты мен сипатына байланысты кооперацияның төмендегі түрлерін анықтауға болады: тұтынушылық, өндірістік, кәсіпшілік, жабдықтау, өткізу, несиелік, тұрғын үй және т.б. кооперативтерге қызмет көрсету үшін арнайы портал құрылу қажеттілігі. Сонда әр кооператив тіркелуге міндетті болады. Бұл портал арқылы ақпарат жинауды автоматтандыруға және кооператив деректерін мониторингтеуге, нәтижелерін бағалауға, жұмыс орындары санының және әр қатысушының еңбек өнімділігінің есебін жүргізуге, цифрлық сауаттылыққа оқытуға, кооперативтер мен қатысушылар арасында өзара рейтинг жүргізуге мүмкіндік береді..

## **Қолданылған әдебиет тізімі**

Агроөнеркәсіптік сектордағы кооперативтердің жағдайы мен дамуын

талдау / С. С. Шакеев, К. А. Невматулина, Г. И. Купалова, Т. Болатжанулы // Вестник Карагандинского университета. Серия: Экономика. – 2022. – Vol. 107, No. 3. – P. 297-307.

Хусаинов, Б. М. Экономические вопросы цифровизации сельскохозяйственных кооперативов Западного Казахстана / Б. М. Хусаинов // Вестник Кыргызского национального аграрного университета им. К.И. Скрябина. – 2021. – № 2(56). – С. 650-654.

Акимбекова, Г. У. Особенности развития сельскохозяйственных кооперативов в Жамбылской области Казахстана / Г. У. Акимбекова, А. Б. Баймуханов, У. Р. Каскабаев // Фундаментальные и прикладные исследования кооперативного сектора экономики. – 2020. – № 3. – С. 52-59. – DOI 10.37984/2076-9288-2020-3-52-59.